

«Мұхаметнұр» бөбекжай балабақшасы
Әдістемелік кеңес жиналысының хаттамасы №4

Тақырыбы: Ойын арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту

Мақсаты: Танымдық, қимылды, сюжеттік ойындардың бала дамуына әсерін талдау және ойын ортасын құрудың тиімді жолдарын қарастыру.

Өткізілген күні: 24 ақпан 2026 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібі

1. Ойынның баланың шығармашылық дамуына әсері
2. Танымдық, қимылды, сюжеттік ойындарды талдау
3. Ойын ортасын құрудың тиімді жолдары
4. Тәжірибе алмасу
5. Қорытынды шешімдер

Тыңдалды

1-мәселе бойынша - Ойынның баланың шығармашылық дамуына әсері

Әдіскер Бекбосынова Гульжан сөз алып, ойын мектепке дейінгі жастағы баланың жетекші іс-әрекеті екенін атап өтті. Ойын барысында бала қоршаған ортаны танып, өз ой-қиялын еркін білдіреді. Әсіресе шығармашылық қабілетті дамытуда ойынның рөлі ерекше екені айтылды. Балалар ойын кезінде жаңа идеялар ойлап табады, рөлдерді бөліседі, заттарды өз қиялына сай қолданады.

Әдіскер шығармашылық ойындардың баланың тілін, ойлауын, қиялын, эмоциялық дамуын қалыптастыратынын түсіндірді. Сонымен қатар ойын арқылы бала өзін еркін сезініп, бастамашылдық танытатыны айтылды. Ойын – баланың тұлғалық дамуының негізгі құралы екені нақты мысалдармен дәлелденді.

2-мәселе бойынша -Танымдық, қимылды, сюжеттік ойындарды талдау

Тәрбиешілер ойын түрлеріне жеке тоқталды. Танымдық ойындар балалардың логикалық ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытатыны айтылды. Мұндай ойындарда балалар салыстырады, топтастырады, себеп-салдар байланысын анықтайды.

Қимылды ойындардың дене дамуына, ептілікке, шапшаңдыққа, батылдыққа тәрбиелейтіндігі атап өтілді. Сонымен қатар қимылды ойындар балалардың ұжымда әрекет ету дағдыларын қалыптастырады.

Сюжеттік-рөлдік ойындар баланың қиялын, тілін, әлеуметтік тәжірибесін дамытатыны түсіндірілді. Балалар ойын барысында әртүрлі рөлдерге еніп, өмірлік жағдайларды бейнелейді, өзара қарым-қатынас дағдыларын меңгереді.

Тәрбиешілер тәжірибеден мысалдар келтіріп, ойындарды ұйымдастыру кезінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажеттігін атап өтті.

3-мәселе бойынша - Ойын ортасын құрудың тиімді жолдары

Әдіскер ойын ортасының бала шығармашылығына тікелей әсер ететінін айтты. Ойын бұрыштары тартымды, қауіпсіз, қолжетімді болуы қажет екені түсіндірілді. Өртүрлі материалдар, конструкторлар, бейнелеу құралдары, рөлдік ойын жабдықтары балалардың шығармашылық белсенділігін арттыратыны атап өтілді.

Сонымен қатар ойын ортасын үнемі жаңартып отыру, балалардың қызығушылығына сәйкес өзгерту қажеттілігі айтылды. Тәрбиешілер ойын кеңістігін ұйымдастыруда эстетикалық талаптарды сақтау, қауіпсіздік ережелерін ескеру керектігін талқылады.

4-мәселе бойынша-Тәжірибе алмасу

Тәрбиешілер өз тәжірибелерімен бөлісті. Олар ойын арқылы балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру, ұялшақ балаларды ойынға тарту, шығармашылық тапсырмалар беру әдістерін айтып өтті. Кейбір тәрбиешілер ойын барысында балалардың бастамаларын қолдау, еркін таңдау мүмкіндігін беру қажеттігін ерекше атап өтті.

Шешім

1. Ойын арқылы шығармашылық қабілетті дамыту жұмысы жүйелі жүргізілсін.
2. Танымдық, қимылды, сюжеттік ойындар жоспарға тұрақты енгізілсін.
3. Ойын ортасын жаңарту және толықтыру жұмыстары жалғастырылсын.
4. Тәрбиешілер тәжірибе алмасуды тұрақты ұйымдастырсын.

**Педагогикалық әдеп көңілдегі
кеңестің төрайымы:**

Хатшы:



Г.К. Бекбосынова

М.С. Бердикеева